



А И К Ъ І Н

Қайғыны да, қуанышты да еңбекпен қарсы аламын



Сәбит Досанов, жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, М.Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың, Қырғызстанның «Алтын қалам» ұлттық әдебиеті сыйлығының иегері, Ресей әдебиет академиясының академигі, Ресей педагогикалық және әлеуметтік ғылым академиясының академигі, «Парасат» орденінің иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері сынды көптеген атақтары бар, отыз томнан астам көркем кітап шығарған қаламгердің есімі елімізге ғана емес, алыс-жақындағы шет жұрттар мен көршілес республикаларға да кеңінен танымал. Үш жиырма бесіне толған жазушыны мерейлі жасымен құттықтап, әңгімеге тарттық.

– Сәбит аға, мерейтойыңызды өткізесіз бе, өткізсеңіз қалай атап өтпек ойыңыз бар, алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Әр жастың өз ерекшелігі бар. Бұл бір биік шыңға шығып алып, өткен өміріңді шолатын, еліңе есеп беретін, ойланып сөйлейтін, ойланып жазатын жас. Адам жас кезінде өзімшілдеу болады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деп Абай атам айтқандай, берісі елдің, арысы әлемнің тағдырын ойлайтын, ақыл тоқтатқан жасқа келдік. Енді тойлауға келетін болсақ, ұсыныстар түсіп жатыр. 2006 жылы Париждегі атақты Сорбонна

университеті «Ақ аруана» повесімнің француз тіліне аударылуына байланысты менімен кездесу кешін өткізген еді. Сол Париждегі «Зиялылар клубынан» «бізге келіңіз, 75 жылдығыңызды өткізейік» деген шақырту келді. Осындай шақыртулар Мәскеуден, Орталық Азия республикаларынан да келуде. Құдайға шүкір, өз республикамыздың түкпір-түкпірі ықылас білдіріп жатыр. Жақында Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы Сайлаубек деген жігіт келіп құттықтап кетті. Халықтың ықыласына шын жүректен рақмет айтамын. Ол шақыртулардың бәріне бірдей бара беруге уақытым да жоқ, денсаулық та шыдамайды. Сондықтан сұрап қалған екенсің, бұған менің жауабым да, жоспарым да былай: мерейтойымды міндетті түрде Мәскеуде өткізу дәстүрге енген, ол жақта менің достарым көп. Сол Мәскеуде өтеді. Көрші қырғыз ағайындар бір романимды аударып шығарды, пьесамды қойды, сол қырғыз бауырларыма барып қайтамын. Болса да Астанада өтеді. Сосын туған еліме еліме – Қостанай облысының Амангелді ауданына барамын. Алдымен Алматыда басталады, Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өтеді. Жетпіс жылдығымда он шақты елден қонақтар келген. Биыл да сол Франциядан, Ресейден, Орталық Азия республикалары секілді он шақты елден қонақтар келеді. Уақыты алдағы ақпан айының ортасы боп қалар. «Құдайсыз қурай да сынбайды» деген, оның дәл мерзімін бір Алла біледі, әрине.

«Мерейтойларды қарсы алудың ең жақсы жолы – еңбекпен қарсы алу» деген бір үлкен кісінің тәмсіл сөзі бар. Сол қағиданы мен ұнатамын, ұстанамын. Соңғы жылдары аяулы ұлымды жоғалтып, үлкен қайғыда жүрмін. Алла тағала адамның өмірінің соңына таман қайғы жіберетін көрінеді, үлкен адам болса – үлкен қайғы, кішірек адам болса – кішірек қайғы дегендей. Соны адам баласы көтере білуі керек екен. Көтеру үшін, біріншіден, мен Құдайға сендім, әміріне мойынсұндым. Екіншіден, күндіз-түні жұмыс істедім. Одан кейін халықтың қолдауы көп күш берді. Тіпті есік алдындағы газет сататын дүңгіршектегі қыздан бастап, Президентке дейін көңіл айтты. Иманғали Тасмағамбетов пен Нұрлан Ноғаев арнайы келді. Бұл маған үлкен күш-қуат берді. Қайғымды да қаламның қуатымен жеңуге тырыстым. Ұлым жайында бірнеше кітап жаздым, кино да шығардым. Оның сыртында «Қасқыр ұлыған түн» деген роман жаздым. Ол роман өткен жылы «Жұлдыз» журналының 5-6 сандарында жарияланды. Жақында Алматыдағы «Арна» баспасынан жеке кітап болып шықты. Осы романимды қырғыздар – қырғызшаға, өзбектер – өзбекшеге аударды. Орысшаға Орынбай Жанайдаров аударып жатыр. Құдай қаласа, бұл романды ағылшын тілінде шығартып, Лондонда да тұсаукесерін өткізбек ойым бар. Осы «Қасқыр ұлыған түн» романим – өзімнің мерейтойыма сыйлаған шығармашылық табысым. Бұл романға жұрт пікірі өте жақсы. Олжас Сүлейменов «Бұл ешқандай әдеби анықтамамен бағаға сыймайтын шығарма» деп жазды. Оразбек Сәрсенбаев «Ақ аруана – Ақбас бүркіт – Көкбөрі немесе көкірек көзінен шыққан көркем бейнелер» деген үлкен мақала жазды. Мұның бәрі менің шығармаларымдағы жаңалық болған кейіпкерлер ғой. Жақында бұл мақала «Қазақ әдебиетіне» шығады деп

естідім. Басқа да бірнеше адам ұнамды пікір білдіріп үлгерді. Ең бастысы, оқырман қауым бұл кітапты өте жақсы қабылдады. Өзім де осы кітапқа барымды салып жаздым. Жалпы, менің принципім: кейінгі шығармам алдыңғысынан артық болмаса, мен оны шығармаймын. Соңғы романымды бұрынғы кітаптарымнан артық деп ойлаймын. Бұл романда лирика да, трагедия да, миф те, аңыз да, өмірдің шындығы да, дәуірдің, бүгінгі күннің суреттері де бар. Ащы тағдырларды бейнелеуге тырыстым. Франц Кафканың «Жаныңды шығғыратын роман оқу керек» деген сөзі бар. Соған лайықтап жаздым. Романдағы кейіпкерлер үлкен трагедияға ұшырайды. Бетховеннің: «Қасірет келіп есігіңді қақса, есігіңді аш та, айқасқа шық, қайткенде де жеңіп шық» деген қанатты сөзі бар. Осы принцип дұрыс. Өйткені, өмір бірқалыпты тұрмайды. Адамзат – табиғат деген ұлы ананың перзенті. Табиғаттың қысы бар, күзі бар, ылғи жаз боп тұрмайды. Өмірінің қиын кезеңіне кездескен кейіпкерлерімді мен де романымда сынаққа салып, сол сынақтан рухани жеңіске жеткіземін. Өмірдің өткіншілігі туралы адамдарға ой салатын шығарма деп ойлаймын. Оқырмандар да, сыншылар да солай қабылдап жатыр.

– Сізді қаламгер, қайраткер ретінде не толғандырады?

– Мені толғандыратын нәрсе көп. Бір сөзбен түйіп айтсам, ауылдың жағдайы мені әлі де алаңдатады. Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Бәріміз сол ауылдан шықтық. Мемлекет алып бәйтерек болса, ауыл – соның тамыры. Тамыры болмаса, бәйтерек құлайды. Ауыл етек-жеңін жапқанмен, әл-әзір еңсесін көтеріп, тік тұрып кетті деп айту қиын. Сондықтан Үкімет те, байлар да ауылға көңіл бөлуі керек. Олигархтарға құлаққағыс: өзін ойлаған – құлқынның құлы, халықты ойлаған – ұлы. Байларымыз дүниеқоңыздыққа беріле бермей, елді ойлап, ұлылыққа ұмтылуы керек. Қасиетті кітаптардың айтатыны да сол. Содан кейінгі бір проблема: ұлттық рухты көтеру жағы ақсап жатыр. Ұлттық идеологияны бір деңгейге шығару керек. Кеңес өкіметі құлағаннан кейін идеологияның бос қалған орнын немен толтыруды білмей біраз жүріп алдық. Президенттің «Мәңгілік ел» идеясы, міне, осы ұлттық идеология. Осының төңірегінде ұйысып, топтасуымыз қажет. Қасиетті Құранымызда: «Алла тағала жауыздықты сүймейді» деген сөз бар. Діни тұтастықты да ойлауымыз қажет. Абайдың карасөздері – тұнып тұрған ұлттық идеология.

Ұлттың ұлылығы – санымен өлшенбейді деген сөз бар. Ұлттың бәрі де ұлы. Қазақ та – ұлы халық. Халықтың ұлылығы өркениетке, мәдениетке қаншалықты үлес қосқанымен есептеледі. Сол жағынан алғанда, қазақ жұрты әлемдік әдебиет пен мәдениетке үлкен үлес қосқан ел деп ауыз толтырып айтуымызға болады.

Ендігі сөз жазушылық туралы. Қасиетті кітаптарда: «Ең бірінші Сөз болған» дейді. Әлемді билейтін сөз болса, сөзді билейтін – ақын. Наполеон «Адамзат

қоғамы әдебиетке тәуелді» дейді. Қазақ – сөздің қасиетін терең ұққан, ұғынған халық, ал қазақ әдебиеті – әлемдік биікке көтерілген әдебиет. Осыған байланысты бір проблема: әдебиетімізді насихаттау жағы кемшін. Аудармамен шетелдерге шыға алмай жатырмыз. Өзіміздің биігімізді таныта алмаудамыз. Аударма дейтін алтын көпір құлап қалды. Қазақстан Жазушылар одағы бастап, басқалар қостап, осы аудармаға көңіл аудару, аудармашылар тәрбиелеу керек. Бұрын шығармаң басқа тілде шығу үшін алдымен оған жолма-жол аударма жасалатын, артынан біреу оны көркем тілмен өзінше қорытып шығатын. Түпнұсқа сұлу қыз болса, аударма – сол сұлу қыздың суреті. Болмаса, түпнұсқа түкті кілем десек, аударма – сол кілемнің арғы беті. Оның үстіне аударма жаңағыдай бірнеше қолдан өткен соң өңі қашары белгілі. Сондықтан тіл білетін талантты жастарды, бірден қазақшадан орысшаға немесе ағылшыншаға, түрікшеге, тағы да басқа тілдерге аударма алатындай етіп тәрбиелеу керек. Мәдениет министрлігі осыны қолға алса қанеки. Жаңа министрге айтар менің ұсынысым – осы.

Құдіреті күшті Алла тағаланың бізге берген екі ұлы сыйы бар. Оның бірі – Тәуелсіздік. Екіншісі – тәуелсіздігімізді тұғырлы еткен дана басшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Кеңес өкіметінен мұраға қалған, қирап қалған мемлекетті аз уақытта осындай дәрежеге көтерді. Тоқсаныншы жылдардың басындағы қиындық: жалақының, жарықтың, жылудың бірдей берілмегені есімізде. Сол кезде ереуілге шыққан шахтерлермен Елбасының өзі тікелей барып сөйлесті. Өтірік уәде берген жоқ, ащы шындықты ашып, ақтарып айтты. Тәтті өтіріктен улы шындықтың артық екенін ұқтырды. Соны халық түсінді, көрді, көнді. Соның арқасында осындай биік дәрежеге көтерілдік. Мен шетелдерді көп аралаймын ғой. Қазақстан, басқа шетелдерді айтпай-ақ қояйын, Мәскеуді қоса алғанда бұрынғы кеңестік республикалардың бәрінен барлық жағынан алда тұр. Мұның бәрі Көшбастаушының көрегендігіне байланысты. Бүгінгі Қазақ елі соның айқын мысалы.

Кеннеди: «Мемлекет маған не берді деп айтпа, мен мемлекетке не бердім деп айт» деген екен. Біздің еліміз бұдан да әрі өркендеп, қанатын кең жазуы үшін осындай ұстанымдар қажет.

– Көршіміз Ресейде қаншама мықты ақын-жазушылардың атын алған әдеби неше түрлі сыйлықтар жетеді. Осы әдеби сыйлықтың аздығынан қазақ әдебиеті қоңылтақсып жүрген жоқ па?

– Біреулер «сыйлық деген керек емес» деп жатады. Ол бос сөз. Мысық биіктегі етті ала алмаған соң, «мына еттің сасығын-ай» депті. Сол секілді. Сыйлық не үшін керек? Біріншіден, жазушылық қиын еңбекті моральдық жағынан қолдау, рухани күш-қуат беру үшін керек. Екіншіден, материалдық жағын бекемдеу үшін керек. Қаламақы мәселесі әлі шешілген жоқ. Қазақстан осы әдеби сыйлық жағынан ақсап тұр. Неге? Өйткені бізде бір ғана

Мемлекеттік сыйлық бар. Оның өзі екі жылда бір-ақ рет, бір ғана адамға беріледі. Қайта Президентіміз кеңдік жасап, соңғы сыйлықты екі адамға беріп жіберді. Ал бұрынғы бір кездер осы сыйлықты жеті адамға, бес адамға дейін беріп жүрдік. Алдағы уақытта сондай болмаса да, екі адамнан кем болмауы, біреуін прозаға, біреуін поэзияға тұрақты беру керек. Қазақ әдебиеті бұған әбден лайықты. Бір кездері байшыкештер тағайындаған «Тарлан» деген де сыйлық болды. Ол да құрыды. Енді қалғаны – халықаралық «Алаш» сыйлығы. Оның өзі байлардың ақшасына тәуелді, бірнеше жылда бір-ақ рет беріледі. Бұл сыйлықты бірер жыл бұрын көбірек беріп еді, оны да жатып кеп сынадық. Ол сын мүлдем дұрыс емес. Сол жолы сыйлықты көп бергенмен, бес-алты жыл бойы берілмей келген ғой, соның есебінен, демеуші табылып тұрған соң, беріп жіберді. Ал қазір бұл сыйлық та тоқтап, тоқырап тұр. Берушіге тәуелді. Сайып келгенде, бізде Мемлекеттік сыйлықтан басқа сыйлық қалмаған боп шығады. Әдеби сыйлықты көбейту керек. Олигархтарымыз осыны ойлансын. «Қазақ темір жолы», «Қазмұнайгаз», «Самұрық – Қазына», жарық, жылу тарататын, құрылысқа қатысты қуатты компаниялар жазушыларды өздеріне тартып, тапсырма беру керек. Мұнайшы туралы неге роман жазбасқа?! Еңбекті, еңбек адамын қолдау деген сол емес пе?! Жазушылармен кездесу өткізіп, ақындармен мүшәйра ұйымдастырса, олар оның есесіне еңбекшілер өмірінен очерк, мақала, роман жазса. Ол үшін қаламақы төлеу қуатты компанияларға әншейін тиын-тебен ғана тұрады. Бұл екі жаққа да пайдалы болар еді. Әдебиет те өркендеп, жұмысшының да мәртебесі өсер еді. Осы орайда Елбасының соңғы уақыттағы екі тапқырлығын айтайын: Жаңа жылда Жеңістің жетпіс жылдығына байланысты Ұлы Отан соғысының ардагерлерін біздің Елбасымыз бастап, басқа үлкенді-кішілі басшыларымыз қоштап, әрқайсысының үйіне барып, өзге елдерден бірінші болып құттықтады. Ардагерлер аз қалды. Сол қарттар қазір қуаныш үстінде. Елбасының екінші тапқырлығы – «Еңбек даңқы» орденін тағайындауы. Бұл тек жұмысшыға берілетін атак. Еңбек адамын қолдаудың нағыз үлгісі бұл! Мұндай атақты жұмысшы үш рет алса, ол «Еңбек Ері» атағымен тең болады екен. Бұл деген – жұмысшы табын көтермелеу, еңбек адамын үлгі ету, еңбекке ұмтылдыру. Ал еңбексіз ештеңе жоғы белгілі.

– Мамандықтың жаманы жоқ. Әйтсе де, жастарды осы жұмысшы мамандығына даярлауда олқы соғып жатқан тұстарымыз жоқ емес секілді...

– Білім беру саласында да толып жатқан проблема бар. Бір кездері заңгер, бухгалтер мамандығы керек деп, екеуін де шектен тыс көбейтіп жібердік те, олар енді тек жұмыссыздардың қатарын толықтырып жатыр. Оның орнына жұмысшы мамандықтарына даярлайтын техникалық оқу орындарына көп көңіл бөлу қажет. Құрылысшы, жол төсеуші, дәнекерлеуші дейсің бе, қазір қай жерде де жұмыс қолы қат. Күші осыған салу керек.

– Күнделік жазу көп жазушыларымыздың хоббиіне айналған. Сізде ше?

– Мен де күнделік жазамын. Ол енді өзің ғана, жараса, болашақ ұрпақ оқитын нәрсе ғой. Күнделікті мен екі нәрсеге бағыттаймын. Біреуі – өзімнің күнделікті өтпелі көңіл күйіме, тағдырыма байланысты. Екіншісін елдің тағдырымен байланыстырып отырамын. Мәселен, ел өмірінде қандай елеулі оқиға болды дегенде, өткенде былай деп жазыппын. «Біріншісі, Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуымыз, екіншісі, Президенттің халыққа арнаған Жолдауы» деп.

– Елбасының осы Жолдауы туралы да ой қоса кетсеңіз...

– Елбасы бұл Жолдауды әдеттегіден ерте жасады. Кейбіреулер түсінбеді, түсінбегенсіді. Бұл да Елбасының кемеңгерлігі. Данышпандар әманда уақыттан озып, уақыттың алдын орап отырады. Біздің Президент солай қимылдайды. Жолдауды ерте жолдаған себебі, геосаяси жағдайдың ушығуы, қаржылық жағдайдың қиындауы, соның дереу алдын алып, шара қолдану керек болды. Халыққа соны ерте бастан жеткізіп, психологиялық жағынан дайындау қажет етеді. Бұл Жолдаудың үлкен бір жақсылығы – Ұлттық қор халықтың әр түрлі әлеуметтік жағдайларына үш миллиард доллар бөлетіндігі, бұл үлкен қаржы. Тұрғын үй мәселесіне көп көңіл бөлініп отыр. Баспана – қазір халықтың бас уайымы! Демографияны арттырамыз дейміз, оны үйі-күйі жоқ, бұрыш-бұрышта жүрген жастар қалай арттырады? Осыған баса мән берілгені әбден дұрыс болды. Ұлттың ұясы – Ұлытаудағы Елбасының берген сұхбатында ұлттың рухын көтеретін келелі әңгімелердің айтылуы өз алдына бөлек тақырып.

– Сәбит аға, ел өміріне қатысты біраз әңгіме айттыңыз, енді өз өміріңізге қайта оралсақ. Өткен жыл сіздің өз басыңызға қатысты нендей маңызымен есте қалды?

– Желтоқсан оқиғасы деп жүрміз ғой, ол оқиға емес, көтеріліс деп айту керек. Жастардың отаршылдарға қарсы көтерілісі. Осы көтеріліске қатысты мен кезінде «Тозақ шеңбері» деген пьеса жазғанмын. Сол пьесамды Мүсірепов, Әуезов театры да, Қостанай театры да көрсетеміз деп дайындалды, бірақ әртүрлі себептермен қойылған жоқ. Біреулері өткеннен қорықты, Семей театры секілділердің қоюға шамасы келмеді. Сонымен, сәлемнің де сәті бар дегендей, менің пьесамды Қырғыз театры сахналады. Осы жерде айта кетейін, қырғыз халқынан көп нәрсе үйренуіміз керек. Біз қырғызға қарағанда мақтаншақтауымыз. Олар өте талантты халық. Бұған бір мысал айттайын. Кеңес өкіметі кезінде Лениндік сыйлықты қырғыздар, әдебиет, музыка, мүсін өнері болсын, барлық сала бойынша иемденді. Біздің қазақта Мұхтар Әуезов ғана әдебиеттен Лениндік сыйлықты алды. Екінші мысал, «Қырғызфильм» бүкіл Кеңес Одағы күш салып отырған «Мосфильммен» таласты. «Мосфильмнен» кейінгі екінші орында тұрды. Керемет-керемет

кинолар шығарды. Сол қырғыздардың өзіме қатысты адамгершілігін де айта кетейін. Ұлым Данияр қайтыс болғаннан кейін Қырғызстаннан Сұлтан Раев деген Мәдениет министрі орынбасарын, көмекшілерін, қырғыздың бір үлкен жазушысын үйіме ертіп келіп, арнайы көңіл айтты. «Сіз біздің қырғызға да ортақсыз, төскейде малы, төсекте басы қосылған елміз, сол елдің атынан сізге арнайы көңіл айтып келіп отырмыз» деді. Раевтың өзі мықты драматург, пьесалары Мәскеуде қойылып жатыр, кезінде оны Айтматов та мақтаған. «Жүрейік жүрек ауыртпай» деген пьесасы Әуезов театрында жүруде. Сол кезде мен олардың қолына «Тозақ шеңбері» атты пьесам шыққан кітапты ұстаттым. Раев сол кітапты оқып, пьесаның мықты жақтарын бірден таныған, сосын жата кеп жабысып, «осы пьессаны қояйық» деді маған. Мен рұқсат бердім. Сөйтіп, олар өздеріндегі Опера театры мен Жастар театрын біріктіріп, менің пьессамды қойды. Осы пьесаны дайындау барысында мені жанымды қоймай төрт рет шақырып алды. Төрт рет репетицияларына қатыстым. Әр барған сайын тілектерім мен ескертпелерімді айтып отырдым. Қырық күнде пьесаны дайындап шығарды. Мұның тұсаукесеріне Қазақстаннан отыз адам делегация болып барды. Бірнеше телеарнаның журналистері болды. Сөйтіп, тартпамда сарғайып жатқан пьесамның жолы болып кетті. Екі күн болған тұсаукесерде ине шаншар орын болған жоқ, билеттер алдын ала сатылып кеткен. Сол тұсаукесерге Қырғыз мемлекетіндегі екінші тұлға – Жоғарғы Кеңес төрағасы келіп қатысты. Маған үлкен құрмет көрсетті. Міне, өнерге деген адалдық. Қырғыздар кейін өздері сахналаған пьесамды Алматыға алып келіп, Мүсірепов театрында көрсетті. Досым Олжас Сүлейменов театрда көріп отырып, көзіне еріксіз жас алды. Пьеса аяқталған соң сахнаға шығып, өзінің толқығанын, көзіне жас алғанын айтып, үлкен баға берді. Қырғыздар сол пьесамды өзімізге әкеліп қойғанда, біздегілер билет сатпаған, тек алдын ала таратамыз деп қарап отыр. Содан ректорлар мен әкімдерден көмек сұрап жүріп, залды толтырдық. Бірақ халық жақсы қабылдады. Тек Алматыда ғана емес, Алматы облысындағы Талғар, Қапшағай қалаларына, Жамбыл ауданына апарып көрсеттік. Содан кейін бұл пьеса Ақтауда өткен халықаралық конкурса қатысты. Оған бұрынғы кеңестік елдердің бүкіл театрлары келіп қатысқан. Сонда менің пьесам жүлделі орынға ие болды. Өкінішке қарай, осы пьесаны ешкім іздеп жатқан жоқ. Біздің режиссерлар, көркемдік кеңестің мүшелері бүгінде өздері пьеса жазатын болды. Драматургтерді іздемейді, «драматургия жоқ» дейді. Жоқ болса, Дулат Исабековтің пьесалары қалай шетелдерге шығып кетеді?! Қырғыздарға рақмет. Ал біздегі рухани салада жүргендерде бір енжарлық бар. Осындай кертартпалықтан арылуымыз керек.

Түйіп айтсам, руханият саласында түйткіл жетіп артылады. Соның бірі – жастардың кітап оқудан қалып бара жатқаны мені қапаландырады. «Бір адам кітап оқымаса, ол оның жеке қайғысы, ал бүкіл ұлт кітап оқымаса, ол ұлттың трагедиясы» деген сөз бар. Біз соған келе жаздап тұрмыз. Кітап оқытудың әртүрлі жолдарын таба білуі тиіс. Мәселен, «Бір әлем – бір кітап» идеясын дамытып, оны бір кітаппен шектемей, он кітапқа дейін жеткізу тиіс. Кітап

оқытуды, негізінен, балабақшада ертегі оқытудан бастау қажет. Кітапты жоғалтқан адам бәрін жоғалтады. «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деп бұрынғылар айтып кеткендей, ойланайық, ойлану үшін кітап оқиық, жоқ-жітігімізді түгендейік, ағайын!

Сұхбаттасқан - Төреғали ТӘШЕНОВ